

Қазақстан Республикасының "1993 жылға арналған республикалық бюджет туралы" заңын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 5 наурыз 1993 ж. N 170

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Республикалық жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізаттық базаның орнын толтыру қорын құру туралы" 1992 жылғы 6 қазандағы N 824 қаулысымен белгіленген Республикалық жер қойнауын және минералдық-шикізаттық базаның орнын толтыру қорын құру және пайдалануға 1993 жылға арналған тәртібі сақталсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитетіне Қаржы министрлігімен бірлесе отырып халық шаруашылығында бағаның өсуі жағдайында су ресурстарын ұтымды пайдалану мақсатымен су шаруашылығы жүйелерінен жер бетіндегі және жер астындағы көздері) алынатын суларға арналған тарифтерді бір ай мерзімде қайта қарау тапсырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мұнайдың экспорттық бағасы мен оның ішкіреспубликалық жеткізілімдерге арналған бағасы арасындағы айырмасын бюджеттің кірісіне өндіріп алу тәртібін он күн мерзімде әзірлесін және осы мәселе бойынша, сондай-ақ акцизделетін импорттық тауарлар бойынша акциз нарқын бекіту жөнінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулысын жобасын енгізсін.

5. Республикада Қазақстан Республикасы кәсіпорындарында өндірілетін арақ-шарап бұйымдары мен сырамен сауда-саттық жасауға мемлекеттік монополия енгізілуге байланысты мемлекеттік сауда және тұтыну кооперациялары кәсіпорындарымен бірге қала және аудан әкімдеріне мемлекеттік сауда және тұтыну кооперациясы сауда жүйесі жоқ жерлерде басқа меншік нысанындағы дүкендерде аталған өніммен сауда-саттық жасауға рұқсат ету (лицензия) құқығы берілсін.

Меншік нысанына қарамастан қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына "Қазтамақөнеркәсібі" тамақ өнеркәсібі МКБ фирмалық дүкендеріне республика кәсіпорындарында өндірілетін арақ-шарап бұйымдары мен сыраны сатып-өткізуді жүзеге асыруға рұқсат берілсін.

Жеке адамдарға аталған өніммен сауда-саттық жасауға тыйым салынады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1993.06.15.

N 506 қаулысымен. P930506_

Ескерту. 5-тармақтан сөз алынып тасталды - ҚРМК-нің 1995.03.31.

N 372 қаулысымен.

6. Коммерциялық және басқа да мемлекеттік емес құрылымдар республикадан тысқары жерлерден әкелетін арақ-шарап бұйымдары мен сыраны сапа сертификаттары мен қалалардың және аудандардың әкімдері берген сауда жасау құқығына лицензия болған жағдайда сатады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1993.06.15.

N 506 қаулысымен. P930506_

Ескерту. 6-тармақтан сөз алынып тасталды - ҚРМК-нің 1995.03.31.

N 372 қаулысымен.

7

Ескерту. 7-ші тармақ күшін жойған - ҚРМК-нің 1995.05.15.

N 678 қаулысы бойынша. P950678_

8. Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Сауда министрлігіне, Мемлекеттік қаржы бақылау комитетіне және олардың жергілікті жерлердегі органдарына, жергілікті әкімдерге барлық жүйедегі кәсіпорындар мен ұйымдардың және ведомстволардың, коммерциялық, кооперативтік және жеке құрылымдардың арақ-шарап (алкогольдық) бұйымдары және сырамен сауда жасау тәртібі мен ережесін сақтауға бақылау жүргізу жүктелсін.

Ескерту. 8-тармақ өзгерді - ҚРМК-нің 1993.06.15. N 506 қаулысымен.

P 9 3 0 5 0 6 _

Ескерту. 8-тармақтан сөз алынып тасталды - ҚРМК-нің 1995.03.31.

N 372 қаулысымен.

9. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Темір жол басқармасы, Қазақ азаматтық авиация басқармасы және Байланыс министрлігінің негізгі қызметтері бойынша пайдаға салынатын салық республикалық бюджетке орталықтандырылған тәртіппен төленеді деп белгіленсін. Аталған ведомстволар кәсіпорындары қызметтерінің қалған түрлерінің пайдаға салынатын салық бойынша бюджетпен есеп айырысуы орталықтандырылмаған тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1993.06.15.

N 506 қаулысымен. P930506_

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігімен және Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы баға комитетімен бірлесе отырып, ауылшаруашылық тауарларын өндірушілерге ақшалай көмек көрсету тәртібін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне он күн мерзімде әзірлеп, бекітуге енгізсін.

1

1

12. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісімен келісе отырып халыққа тұрғын үй салу үшін жеңілдікпен кредит және жас отбасыларына бала туған кезде процентсіз несие беруге байланысты банктерге келтірілген залалдың орнын толтыру тәртібін, онда бюджеттен бөлінген

қаражаттардың мақсатты пайдаланылуына бақылау жасау мәселелерін қарастыра
о т ы р ы п , б е л г і л е с і н .

13. 1993 жылға арналған республикалық бюджетте қарастырылған мөлшері 80000
мың сом қаражат жалпыреспубликалық маңызы бар мәселелер мен бағдарламаларды
ж о б а л а у ғ а ж ұ м с а л а т ы н б о л с ы н .

14. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджет
есебінен нан және нан-тоқаш бұйымдарының, піскен нан орнына сатылатын ұнның,
ұнтақ жарма, шикі сөк және құрама жем бағасындағы айырманың орнын толтыру
тәртібін бір апта мерзімде дайындап, өтеу тәртібін бекітсін және ол мүдделі
министрліктер мен ведомстволарға хабарлансын.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан
Республикасы Қаржы министрлігімен келісе отырып, онкүндік мерзім ішінде Қазақстан
Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне оларға құрама жем шекті босату
бағасы бойынша жүргізілген ауыл шаруашылық кәсіпорындарының тізбесін табыс
е т с і н .

Ескерту. 14-тармақ толықтырылды - ҚРМК-нің 1993.06.15. N 506
қ а у л ы с ы м е н . Р 9 3 0 5 0 6 _

15. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі совхоздар мен
колхоздардың малдарын туберкулез бен бруцеллезден сауықтыру жөніндегі шараларды
жүзеге асыру үшін бөлінген қаржылардың мақсатты және ұтымды пайдаланылуын
камтамасыз етсін және мүдделі басқару органдарымен келісе отырып оларды жүзеге
а с ы р у ж ө н і н д е ұ с ы н ы с е н г і з с і н .

16. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі
Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі және Энергетика және отын
ресурстары министрлігімен бірлесе отырып қорғаныс кешені кәсіпорындарын
мемлекеттік қолдау және олардың бәсеке қабілеті бар азаматтық өнімдер шығаруды
игеруі үшін пайдалану тәртібін екі апта мерзімде әзірлеп, бекітсін.

17. Республикалық валюта қорына келіп түсетін, сондай-ақ республикалық
бюджеттің қаржылары есебінен сатып алынатын валюта қаржылары Қазақстан
Республикасының Министрлер Кабинеті айқындайтын шараларды қаржыландыруға
ж і б е р і л е д і .

Ұлттық банкіден шетел валюталарын нарық бағамы бойынша сатып алуды Қаржы
министрлігі жүзеге асырады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1993.06.15.
N 506 қ а у л ы с ы м е н . Р 9 3 0 5 0 6 _

18. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Сыртқы экономикалық
байланыстар министрлігі және Қаржы министрлігі сыртқы сауда фирмаларына
импорттық тауарлар сатып алу үшін шетелдік валюта беру тәртібін және осындай
операциялардың бюджет үшін залалды болуына жол бермей, олардан сатудан түскен

түсімнің кірістен өтелуін бір ай мерзімде әзірлеп Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің бекітуіне ұсынсын.

19. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі халықтың табысы аз тобын әлеуметтік қорғау жөніндегі республика Үкіметінің бұрын қабылданған нормативтік құжаттарын "1993 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңға сәйкес келтіру жөніндегі ұсыныстарын бір апта мерзімде енгізсін.

20. Экономика министрлігі, Еңбек министрлігі, Көлік құрылысы министрлігі, Зейнетақы қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры өздеріне қарасты бюджеттен тыс қорларда бар қаражаттардың жұмсалуды туралы міндетті мерзімдік бухгалтерлік есеп-қисапты Қаржы министрлігі белгілейтін тәртіп бойынша тапсыруды қамтамасыз етсін.

Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті Зейнетақы қоры, Жол қоры, Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекені дамыту қоры, Жұмыспен қамту қоры қаражаттарының мақсатты пайдаланылуына тексеру жүргізсін. Тексерудің нәтижесін 1993 жылдың 30 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне қарауға тапсырсын.

Ескерту. 20-тармақ өзгерді - ҚРМҚ-нің 1993.06.15. N 506 қаулысымен.

Р 9 3 0 5 0 6 _

21. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Білім беру министрлігі жоғары және арнайы орта оқу орындарының күндіз оқитын қала сыртынан қатынайтын студенттері мен оқушыларына, жоғары оқу орындары дайындық бөлімдерінің тыңдаушыларына каникулға шыққан кезде темір жол көлігі арқылы жеңілдікпен жүру құнын өтеу тәртібі мен шартын екі апта мерзімде бекітсін.

22. 1993 жылға арналған республикалық бюджетте Энергетика және отын ресурстары министрлігі мен Өнеркәсіп министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдарының балансында тұратын поселкелер мен қалалардың әлеуметтік сала объектілерін ұстауға арналған шығындардың қарастырылғаны ескерілсін. Бюджеттік қаржылар алған министрліктер мен ведомстволар бөлінген қаржылардың мақсатты пайдалануын және оларды пайдаланғандығы жөніндегі мерзімдік есеп-қисапты белгіленген үлгілер бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тапсыруды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 22-тармақ өзгерді - ҚРМҚ-нің 1993.06.15. N 506 қаулысымен.

Р 9 3 0 5 0 6 _

23. Облыстық, Алматы және Ленинск қалалық әкімдер жергілікті бюджет есебінен: ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін, оларды халыққа білім беру жүйелерінің қарамағына бере отырып қаржыландыруды;

1993 жылғы 1 қарашадан жалпы білім беретін мектептердің 1-4 сыныптары оқушыларының тамақтануын бір оқу оқушыға күніне 400 сомнан есептелгенде шығынды ішінара өтеумен ұйымдастырылуын.

Ескерту. 23-тармақ өзгерді - ҚРМК-нің 1993.06.15. N 506 қаулысымен.

Р 9 3 0 5 0 6 _

Ескерту. 23-тармақтың 3 абзацы жаңа редакцияда берілген -

ҚРМК-нің 12.11.1993 ж. N 1113 қаулысымен. Р931113_

24. Ғылым және жаңа технология министрлігі республикалық бюджеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстары мен республикалық мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламаларды қаржыландыруға арналып қарастырылған қаржыларды он күн мерзімде адрестік бөлуді жүргізетін болсын.

2 5 .

26. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қорғаныс министрлігі ТМД-ның стратегиялық әскерін ұстауға арналған шығындарды қаржыландыру тәртібі туралы ұсыныс енгізсін.

27. Қазақстан Республикасы Ұлттық хауіпсіздік комитеті бойынша бөлінген қаражат құрамында Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерін ұстауға 19287224 мың сом және Жоғары командалық шекара училищесін ұстауға - 1526246 мың сом қаржы көзделгені ескерілсін. Одан басқа, Ұлттық хауіпсіздік комитетін жалпы қаржыландыру көлемінен 1824029 мың сомды күрделі құрылысқа жұмсау көзделді.

Ескерту. 27-тармақ өзгерді - ҚРМК-нің 1993.06.15. N 506 қаулысымен.

Р 9 3 0 5 0 6 _

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда берілген - ҚРМК-нің 12.11.1993 ж. N 1113 қаулысына сәйкес.

28. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі екі апталық мерзім ішінде 1993 жылға арналып нақтыланған республикалық бюджетте қарастырылған мемлекеттік өкімет пен басқару органдарын ұстауға жұмсалатын қаражатты адрестік бөлуді Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда берілген - ҚРМК-нің 1993.06.15.

N 506 қаулысымен. Р930506_

29. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісімен келісе отырып, бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне:

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы Мемлекеттік ішкі заемын тарату, оны өтеу шарттары және ол бойынша кірістерді төлеу;

қысқа мерзімді бағалы қағаздарды (қазыналық вексельдерді) аукцион негізінде сату, олардың айналыс шарттары мен қызмет көрсету тәртібін белгілеу жөнінде ұсыныс енгізсін.

30. Қаржы министрлігі Қазақ жинақ банкісімен келісе отырып бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне:

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы мемлекеттік ішкі ұтыс заемы бойынша

ұтыстарды төлеу шарттары жөнінде;

Қазақ жинақ банкілеріне мерзімді салымдарға орналастырылған жинақ ақшаның құнсыздануынан халыққа келтірілген залалға өтемақы төлеу және 1990 жылғы мемлекеттік мақсаттық процентсіз замын өтеу тәртібі туралы ұсыныстар енгізісін.

3 1 . М ы н а л а р д ы ң :

- Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің резерв қоры 19733560

мың сом мөлшерінде, оның ішінде 3 000 000 мың сомы - төтенше жағдайларды қаржыландыратын болып белгіленгендігі;

- республикалық бюджет бойынша 1993 жылдың аяғындағы нақты кассалық айналым 4000000 мың сом мөлшерінде белгіленгендігі ескерілсін.

Ескерту. 31-тармақ өзгерді - ҚРМК-нің 1993.06.15. N 506 қаулысымен.

P930506_

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі